

Шардара ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салықтың мөлшерлемелері туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 ақпандағы № 54-312-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 1 сәуірде № 3683 болып тіркелді. Күші жойылды Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 наурыздағы № 25-170-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 28.03.2018 № 25-170-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 422 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Шардара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызметін Шардара ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салықтың мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Шардара аудандық мәслихатының 2009 жылғы 19 ақпандағы № 16-115-IV "Бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-15-72 тіркелген, 2009 жылдың 27 наурыздағы "Шартарап-Шарайна" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасының
өкілеттігін уақытша атқарушы
Аудандық мәслихат хатшысы*

Т. Бердібеков

Т. Бердібеков

Шардара аудандық мәслихатының
2016 жылғы "25" ақпандағы
№ 54-312-V шешіміне қосымша

Р/ №	Салық салу объектісінің атауы	Бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерінің мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2

3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК